

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Қалжыр ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 28 мамырындағы № 2 "Күршім ауданы Қалжыр ауылдық округінің Оң жақ Қалжыр ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Қалжыр ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 19 наурыздағы № 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 наурызда № 6812 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2- тармағының 4) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Күршім аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 921 ұсынысы негізінде, Қалжыр ауылдық округі әкімі ШЕШТІ:

1. Күршім ауданы Қалжыр ауылдық округі Оң жақ Қалжыр ауылының ірі қара мүйізді малына сарып ауруынан Республикалық бюджеті есебінен жүргізілген сауықтыру жұмыстары қанағаттанарлық нәтиже көрсетуіне байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қалжыр ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 28 мамырындағы "Күршім ауданы Қалжыр ауылдық округінің Оң жақ Қалжыр ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2019 жылғы 29 мамырда № 5976 болып тіркелінген, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2019 жылғы 1 маусымда жарияланған) № 2 шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. "Қалжыр ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Күршім ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;
- 3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Күршім ауданы әкімдігінің интернет -ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалжыр ауылдық округінің әкімі

Б. Мукушев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК